

## Қазақстан Республикасында өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) міндетті сертификаттауды кезеңімен енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 20 мамыр 1993 ж. N 411. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.07.15. N 1112 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының "Стандарттау және сертификаттау туралы" Заңын күшіне енгізудің тәртібі туралы" 1993 жылғы 18 қаңтардағы N 1887-XII қаулысын орындау үшін және өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) сертификаттауды адамдардың өмірінің, денсаулығының, азаматтардың мүлкінің қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін стандарттың немесе басқа нормативтік құжаттың міндетті талаптарына сәйкестендіруді кезеңімен енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында өндірілетін, алынатын және оның аумағына әкелінетін, бірінші кезекте міндетті сертификаттауға жататын біртектес өнімдер (жұмыс, қызмет көрсету) топтарының қоса беріліп отырған Тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.

09.13. N 1259 қаулысымен. P951259\_

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет сертификаттау жөніндегі органдар мен сынақ лабораторияларын (орталықтарын) тіркеудің барысына қарай аталған өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) сертификаттауды кезең-кезеңімен жүргізуді жүзеге асыратын болсын.

Ескерту. 2-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.

09.13. N 1259 қаулысымен. P951259\_

3. Қазақстан Республикасының аумағында өнімнің (жұмыстың, қызмет көрсетудің) қауіпсіздігі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет немесе сертификаттау жөніндегі ол өкілдік еткен органдар берген сәйкестік сертификаттарымен расталады деп белгіленсін. Тіркелген сынақ лабораториялары (орталықтары) болмаған жағдайда 1995 жылға дейін өнімнің қауіпсіздігін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетте тіркелген өндірушілердің өтініш-декларациясымен растауға рұқсат етілсін.

Ескерту. 3-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.

09.13. N 1259 қаулысымен.

4. Мемлекеттік басқару органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілер Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі Бас басқармамен бірлесіп, бекітілген тізбелер бойынша оларға бекітіліп берілген өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) 1993 жылғы 1 шілдеге дейін анықтасын. Қолданылып жүрген нормативтік-техникалық құжаттамаларда міндетті сертификаттауға жататын өнімге (жұмысқа, қызмет көрсетуге) талап қойылмаған кезде, олар Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі Бас басқарма келісімімен айқындалады.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі Бас басқармамен және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен келісе отырып, 1993 жылғы 1 тамызға дейін міндетті сертификаттауға жататын өнімге кедендік бақылау тәртібін бекітсін.

6. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті мен Ішкі істер министрлігі 1996 жылдың 1 маусымынан бастап мемлекеттік автомобиль инспекциясы органдарында заңды және жеке тұлғалар импорттайтын жаңа және ұсталған автомобильдерді техникалық және экологиялық қауіпсіздікке арналған сертификаты ұсынылмаған болса, оларды кедендік ресімдеу мен есепке қоюға т ы й ы м с а л с ы н .

Ескерту. Қаулы жаңа 6-тармақпен толықтырылды, 6-тармақ

тиісінше 7-тармақ болып саналды - ҚРҰ-нің  
1996.04.29. N 529 қаулысымен.

P960529\_

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі Бас басқарма мен оның аумақтық органдары облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен бірлесіп 1993 жылғы 1 шілдеге дейін тиісті облыстардың аумағында міндетті сертификаттауға жататын өнімдерге (жұмыстарға, қызмет көрсетуге) талаптың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен жұмыс жоспарын әзірлейтін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 20 мамырдағы  
N 411 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасында өндірілетін, алынатын және  
оның аумағына әкелінетін, бірінші кезекте міндетті түрде  
сертификаттауға тиісті біртекті өнімдер (жұмыс, қызмет)  
тобының  
Тізбесі

Ескерту. Тізбе атауына өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.09.

13. N 1259 қаулысымен.

Балаларға арналған тауарлар

Ішетін су

Тамақ түрлері, ауыл шаруашылығы өндірісі мен жемшөп өнімдері

Медициналық техника

Дәрілік препараттар мен өсімдіктер

Терінің, тағам өнімдерінің және ішетін судың қосылуынан  
шығарылатын халық тұтынатын тауарлар

Отын шикізаты

Тұрмыстық химия тауарлары

Парфюмерия, косметика

Улы химикаттар, минералды тыңайтқыштар

Тұрмыстық қолданыстағы машина жасау және аспап жасау  
өнімдері

Ауыл шаруашылық техникасы

Жол және құрылыс машиналары

Жеке қорғаныс заттары

Электромагниттік сыйысымдылығы мен қауіпсіздігі сынақтан  
өткізілетін электротехникалық, радиотехникалық, электронды  
бұйымдар

Құрылыс материалдары және конструкциялар

Байланыс құралдары

Өрт пен жарылыс қаупі бар заттар, олардан жасалған  
материалдар мен бұйымдар

Ұшу құралдары, олардың құрамдас бөліктері және әуе көлігін  
пайдалану

Азаматтық теңіз кемелері, өзен және шағын көлемді кемелер,  
кемедегі тоңазытқыш қондырғылары, жүк көтергіштер мен  
контейнерлер, кеме жасауда қолданылатын материалдар мен  
бұйымдар

Темір жол құрамы, жол, энергетика, белгі беру және байланыс  
қондырғылары

Автомобиль көлігі

Тау-кен құралдары, кеніштік электр бұйымдары, қопарғыш  
заттар мен қопару жұмыстарына қажетті тетіктер, қысымды  
ыдыстар мен жүк көтеретін машиналар

Атом энергетикасы объектілерінің жүйесіне кіретін құралдар  
мен қауіпті негізді өндіріс